

## **Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар**



## **Социально-гуманитарные науки**



## **Social-humanitarian sciences**

FTAMP 19.01.11

**К. С. Жубандыков** (orcid-0009-0006-2062-973X)*Магистрант**Сүлеймен Демирел университеті, Алматы қ., Қазақстан**e-mail: [zhubandykov.kuanyshev@gmail.com](mailto:zhubandykov.kuanyshev@gmail.com)*<https://doi.org/10.55956/WQSN1504>

## МЕДИАДАҒЫ БАЛА ОБРАЗЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫНА ШОЛУ

**Аңдатпа.** Бала туралы ақпарат таратқанда негативті көңіл-күй позитивтіден әлдеқайда көп ұсынылады. Сондықтан медианім дайындау барысында бала құқығы мәселесіне жіті назар аударылып, жауапкершілікті толықтай сезіну қажет. Өйткені бала құқығының бұзылуына тек қана құқықтық нормалардың бұзылуы ғана емес, олардың негативті образдарда беріліп, медиадағы бала репрезентациясының стереотиптер шырғауынан шыға алмай қалғандығы да жатады. Бала — жеке тұлға. Сондықтан медиа беттерінде оларды тек қана жәбірленушілер, үнсіздер секілді үстіртін образдарда көрсетуден аулақ болып, олардың БАҚ-тағы имиджін көтеруге ұмтылу керек. Мақалада осы мәселенің қаншалықты өзекті екеніне баға беру үшін халықаралық тәжірибеге шолу жасап, талдап, зерттейтін боламыз.

**Тірек сөздер:** бала, бала образы, бала құқығы, этика, репрезентация, стереотиптер

**Кіріспе.** БАҚ тарататын әрбір ақпаратына жауапты. Әсіресе, балалар туралы материал дайындауда олардың мүддесі алдыңғы қатарда болуға тиіс. Бірақ, өкінішке орай, медиадағы бала образының репрезентациясын қарастыратын болсақ, бірқатар проблемалар бар екенін анықтауға болады. Зерттеушілер өз еңбектерінде бұл проблемалардың ең қауіпті мысалдарымен және олардың салдарымен бөліседі. Пранита Чоудхури өзінің «Медианың балаларға әсері» мақаласында медиа беттерінен балаларды көбінесе үнсіз құрбандар немесе сүйкімді кінәсіздер образында байқауға болатынын алға тартады [1]. Бұл нені білдіреді?

Біріншіден, БАҚ балалар образын пікірлер мен рейтинг көбейтудің құралы ретінде пайдалана алатындығын айтуға болады. Өйткені бала — кез келген адам үшін ыстық әрі жүрекке жақын түсінік. Екіншіден, бұл БАҚ-тың сенсацияға талпынысының салдары болып отыр. Ал сенсацияға ұмтылыс салдарынан балалардың мүддесі назардан тыс қалуы мүмкін. Осы орайда БАҚ-тағы бала образының көрінісі ересектердің балаларға және балалық шаққа қарым-қатынасына да тікелей әсер ететінін де айта кету керек [1]. Яғни, жоғарыда айтып өткеніміздей, БАҚ бала мүддесін алғашқы қатарға қоймаса, қоғам тарапынан оларды жеке индивид ретінде қабылдау мәселесі қиындайды. Бұндай тенденциясының сақталуы балалардың өзі үшін де оңтайлы дүние емес. Бұл тенденция Қазақстан медиа беттерінен де байқалатынын айта кеткен жөн.

**Зерттеудің шаттары мен әдістері.** Бұқаралық ақпарат құралдарының баланы қандай да бір образдарда көрсетуі немесе, тіпті, оларды елемей еліміздегі балаларға қатысты, әсіресе құқықтық проблемаларды шешуге және қоғамның оларды қабылдауына да әсер етеді. Халықаралық журналистер

федерациясының зерттеуіне сәйкес, БАҚ балалар проблемасын көтеруде негізгі акцентті сенсациялық және даулы материалдарға береді, ал Бала құқықтарының конвенциясында сөз етілген басқа да маңызды аспектілер назардан тыс қалады. Бала құқығының бұзылуы мазмұнындағы материалдар көп жағдайда эмоция тудырушы құрал ретінде қолданылады, яғни бұндай бір күндік медиаөнімдерде проблемаға анализ жасалмайды. Сондықтан медиаөнім дайындау барысында бала құқығы мәселесіне жіті назар аударылып, жауапкершілікті толықтай сезіну қажет.

Сонымен қатар, бала образы репрезентациясы проблемаларын көтеріп, соларға назар аударту керек. Бұл неліктен маңызды? БАҚ-тағы бала репрезентациясы балалардың өзіне және ересектердің оларға деген қарым-қатынасына тікелей әсер етеді.

**Зерттеу нәтижелері.** Медиа және бала тақырыбына үңілгенде зерттеушілер агрессивті ақпараттың әсеріне де ерекше көңіл бөледі. Көптеген авторлар агрессивті сарындағы медиаөнім балаларда да агрессияны оятады деп есептейді. Әсіресе заманауи БАҚ-та зорлық-зомбылықты көрсету ауқымы кеңейіп, балалар мен жастар көп уақытын медиа беттерінен сондай сарындағы контент тамашалаумен өткізуі мүмкін [2].

Технологияның дамып, әр үйде интернет пайда болғалы бері балалар әртүрлі жанрдағы фильмдер мен сериалдарға, зорлық-зомбылық көрінісі бар видеолар мен фотоларға тап болуы мүмкін. Компьютерлік ойындардан соғыс, шайқас секілді сюжеттерді де жиі кездестіруге болады. Сол себепті зерттеушілерді агрессивті контентті көп тұтынатын балалар мәселесі ұзақ жылдардан бері толғандырып келеді. «Зорлық-зомбылық мінез құлқында медиадағы зорлық-зомбылық рөлі» еңбегінің авторлары Л. Роуэлл Хьюзмен және Ларами Д. Тейлор кино немесе бейнебаяндардағы зорлық-зомбылықтан бөлек, жаңалықтардағы зорлық-зомбылықтар да көрермендерге тікелей әсер етеді деп топшылайды. Авторлар әртүрлі зерттеулерді мысалға келтіру арқылы агрессивті сарындағы медиаөнімдер балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқына әсер етіп, зорлық-зомбылыққа жиірек баруға итермелейді деген оймен бөліседі [3].

Алайда кейбір зерттеушілер бұл пікірмен мүлде келіспейді. Мысалы, Джонатан Фридмен өз еңбегінде теледидар секілді медиа құралдары агрессияның көзі болады дегенді жоққа шығарады. Зерттеуші теледидар бағдарламаларындағы зорлық-зомбылыққа баратындардың түбінде жазаланатынын және өзгелер тарапынан төтеп беруге тап болатынын айтады. Сол себепті бұндай бағдарламаларды тамашалау балаларды зорлық-зомбылыққа бару туралы ойларға емес, зорлық-зомбылықтың жазаға әкеп соғатыны туралы қорытынды шығаруға жетелейді дейді [4]. Зерттеушілердің әртүрлі ойларымен танысып, бұл мәселе турасында ұзақ толғануға болатынына тағы бір мәрте көз жеткіземіз. Өйткені медианың және онда ұсыналатын контенттің көрермендерге, әсіресе балаларға қалай әсер ететін үзілді-кесілді өлшеу қиын. Сондықтан әртүрлі көзқарастардың болуы және зерттеушілердің өзара пікірталасы заңды дүние екені түсінікті. Дегенмен пікірлердің алуандығына қарамастан, бала және медиа призмасына келгенде агрессивті сарындағы медиаөнімдердің балаларға әсері әлі күнге дейін зерттеушілерді толғандыратын маңызды тақырыптардың қатарында екенін айтуға болады.

Осыған дейін келтірілген жәбірленуші, құрбан образдарындағы бала репрезентациясымен қатар, өзге де назар аударуды қажет ететін бала образы стереотиптерінің кездесетінін британдық Children Express ұйымының

жүргізген 1998 жылы жүргізілген зерттеуі айқындап берді: сүйкімді балақайлар – яғни, балалардың бейнесін мақсатсыз, елжірету құралы ретінде қолдану; қояншықтар – балаларды жағымсыз, бұзақы образдарда көрсету; ғажайып балақайлар – мінсіз балалар образы; аксессуар балалар – ата-анасына қосалқы дүние ретінде жүретін, жай ғана қуыршақ тәрізді балақайлар; бүгінгінің балалары-ай! – ересектердің балалар образын қолданып, естеліктерге бой беруі; періштелер – ешқандай жамандыққа бармайтын, пәктіктің бейнесі болу. Байқағанымыздай, бала образы репрезентациясының стереотиптері осыдан ондаған жылдар бұрын көтерілген өзекті тақырыптардың қатарында болған. Бірақ уақыт өте келе бұл проблеманың аяқ аласы айтарлықтай бәсеңдеді деп айта алмаймыз, өйткені шолу барысында аталған мәселенің соңғы жылдардағы медиа және бала тақырыбындағы еңбектерде де көптеп көтерілетінін аңғаруға болады.

**Ғылыми нәтижелерді талдау.** Жоғарыда келтірілген мәселелер балалардың өздерін де толғандырады. Сара МакКрэм мен Лотт Хьюз есімді зерттеушілер балалармен қалай сұхбат жүргізу керектігі туралы сөз болатын журналистерге арналған еңбекте балалар образын тысқары пікірлерсіз, шынайы беру керек дейді. Бұл неліктен маңызды? «БАҚ балаларды бейнелегенде, әдетте, тізесі шыққан әдістерді қолданады. Өздеріңіз білетіндей, біз бәріміз белгілі бір мәселелерде қандай да бір стандарттарға жүгінеміз, бірақ мәселе балаларға келгенде, ересектер жиі әртүрлі клишелерге бой береді. Үйреншікті формулалар балаларды жақсы сипаттап, олардан бас тартуға болмайтындай секілді көрінеді. Оларды кей кезде қолдануға болатын шығар, алайда асыра пайдаланудан аулақ болу керек. Өйткені бұның нәтижесінде балалардың мүлде бұрмаланған образдары пайда болады. Ал бұл стереотипті образдар ересектердің санасында берік орын алады. Балалардың өздері де жиі шағымданатындай, бұл қоршаған адамдардың оларды қабылдауына да әсер етеді. Сонымен қатар, балалардың пікірінше, ата-аналар кейде балалармен шынайы өмірдегі қарым-қатынасынан гөрі олардың медиада көрсетілетін нұсқаларына көбірек сенеді» [5].

Цифрлық технологиялар заманында әрі күнделікті өзгерістерге ұшырап отыратын медиа алаңда балалардың қауіпсіздікке құқығы жаңа сұрақтарды көтереді [6]. Егер материал мазмұнынан бөлек, таратын визуалды дүниелерге абай болмаса, БАҚ-тың өзі де балаларға қатысты провокацияның көзі атанып, эксплуататорға айналып кетуі мүмкін [1]. Сондықтан зерттеушілер өз еңбектерінде осы мәселеге жеткілікті назар аудару керек деп санайды. Журналистің алдында сенсациялық материал жасауға деген құлшыныс пен заңды және этикалық нормаларды сақтау қажеттілігі арасындағы дилемма тұруы мүмкін. Алайда, ескеру қажет ең басты ереже бар — балаға зиян тигізбеу.

Бұған дейін зерттеу жұмыстарында көтерілген жалпы бала образы стереотиптеріне тоқталған болатынбыз. Осы орайда тағы бірнеше өзекті мәселе бар — гендерлік стереотиптер және мүгедек балалар репрезентациясы. Зерттеушілер бала құқығын қорғаумен айналысатын ұйымдардың зерттеулерін саралай келе, гендерлік стереотиптер мәселесінің маңызды аспектелерін айқындады. Ұлдар мен қыздар бірдей дәрежеде ұсынылғанымен, олардың образдары тағы да стереотиптер құрбанына айналған. Зерттеуге сәйкес, қыз балалар көбінесе зорлық-зомбылық мәселелерін көтеретін тақырыптардан көрінсе, ұл балалар спорттық материалдардың кейіпкеріне айналып отырған [7]. Ал мүгедек бала образына

келетін болсақ, этикалық сұрақтардың бар екендігін ескеріп, ақпарат таратқанда аса сақ болу қажет. Зерттеушілер бұл тақырыпты әлі тереңірек зерттеу қажеттігін айтады. Ғылыми әдебиеттер үшін медиадағы мүгедек бала образының репрезентациясы ақтандақ тақырып қатарында, өйткені осыған дейін жасалған зерттеулер негізінен мүгедек ересектер көрінісін саралаған [8]. Журналистер мүгедектер туралы ақпарат таратқанда да стереотиптерге жүгінетін болып шықты. Мысалы, Қытай газеттеріндегі аутизмге шалдыққан жандар репрезентациясы туралы зерттеуге сәйкес, БАҚ-та ол адамдарды дәрменсіз халде бейнелеген және олардың өз оқиғасы туралы пікір білдіру мүмкіндігі болмаған [9]. Бұл проблеманың алдын алу үшін, зерттеушілер журналистердің этикалық сауатын арттыру керек деп санайды.

Әсіресе мүгедек балалар секілді осал топтар туралы материал дайындағанда БАҚ өкілдері өздеріне дұрыс сұрақтарды қоя білуі керек. «Мүмкіндігі шектеулі адамдарды сипаттау кезінде қолданатын сөздер оларға деген көзқарасты жақсы жаққа өзгертуге және тереңірек түсінуге ықпал етеді немесе керісінше оларға деген теріс пікірдің және олардың мүмкіндіктері туралы білімсіздіктің сақталып қалуына әсер етеді. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды туралы қате ой тудыратын немесе оларды ренжітетін сөздерді теріс немесе астарлы мағынада қолдандыңыз ба? Сіз дұрыс деп танылған арнайы терминологияны қолдандыңыз ба немесе сіз негізінен жиі қолданылатын сөздерді, қорлау немесе әдепсіз болуы мүмкін стереотиптерді пайдаландыңыз ба? Егер күмәндансаңыз, сарапшымен (сондай-ақ мүгедек балалармен) ақылдасқаныңыз жөн. Сюжетте балаларды ауыр жағдайға душар еткен әлеуметтік әділетсіздікке назар аудару үшін көрсету мен осы балалардың арқасында аяушылық сезімін ояту үшін қолдану арасында айырмашылық бар» [10].

Айтылғандармен келісе келе, зерттеушілер қазіргі таңда бала образын қолданудың тағы бір қауіпті тұсы деп балаларды эмоция тудырышы құрал ретінде пайдалануға назар аударады. Мысалы, саяси материалдарда бала образын қолдану арқылы БАҚ пікірлер мөлшерін көбейтіп, оқырман мен өзі үшін тиімді эмоционалды байланыс орната алады. Людмила Клещенко заманауи Ресейдің либералды БАҚ-ындағы бала образы репрезентациясына баға беріп, либералды дискурста құрбан образындағы балаларды қолдану арқылы оқырмандарға эмоционалды әсерді күшетіп, белгілі бір мәселелерге жіті назар аудартады дегенді алға тартады [11]. Жалпы Ресейді Қазақстанға көңіл-күй тұрғысынан жақын аймақ деп қарастыратық болсақ, бұл өңірде де бала репрезентациясы мәселелері өткір тұрған тақырыптардың қатарында екенін аңғаруға болады. Ұлттық зерттеу университетінің зерттеушісі Ольга Логунова өз мақаласында Ресейдің танымал телеарналарының (Первый канал, Россия-1, НТВ) ақпараттық бағдарламаларына контент-анализ жасайды. Автор бағдарламаларды үш топқа бөліп қарастырады — күнделікті кешкі жаңалықтар, апталық қорытынды жаңалықтар шығарылымы және сараптамалық бағдарламалар мен ток-шоулар. Мақалада мәселені екі топқа бөліп қарастырады — сюжеттерде балаларды атап көрсету және балалардың тікелей қатысуы, пікір білдіруі. Сюжеттерде балаларды атап көрсетуді қарастырғанда, бала тақырыбы телеарналарда ұсынылған ақпараттың жалпы санының тек 13 %-да көрсетілген. Бұған дейінгі мысалдарда сөз болғандай, бұл зерттеу нәтижесінде де балалар туралы ақпараттың басым көпшілігі негативті сарында болып, балалықтың жағымсыз образы қалыптасқаны анықталды. Ал балалардың тікелей қатысуын қарастырғанда, сюжеттердің жалпы санының бар болғаны 1,6 %-да балалардың өздеріне пікір білдіріп,

сөйлеуге мүмкіндік берілген болып шықты [12]. Өзге елдер тәжірибесінде де бұл мәселенің кездесетінін зерттеу жұмыстарынан байқауға болады. Мысалы Финляндияның «Helsingin Sanomat» ұлттық газетінің 1997, 2007, 2017 жылдардағы шығарылымдарына жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша, 30 жыл ішінде бала және балалық шақ тақырыбындағы ақпараттардың саны артқанымен, балалардың өз ойларын ұсыну деңгейі қатты өзгермегені байқалған [13]. Бұл статистика медиада балалардың өз атынан сөйлеуіне өте аз көңіл бөлінетіндігін көрсетеді. Өзге де зерттеушілер бұл пікірді қолдап, телевидение, газет-журналдарда бала туралы ақпарат таратқанда көп жағдайда балалардың емес, ересектердің ойы трансляцияланатынын айтады. Яғни ересектерден бөлек, балаларды балалардың көзімен көрудің маңызды екенін түсіну керек. Сондықтан балалардың өзіне сөйлеуге, БАҚ аренасынан көрінуге мүмкіндік берген жөн [5]. Алайда осы орайда зерттеушілер назар аударатын аспектілердің бар екенін еске салады. «Балалардың медиа-өндірістің барлық түрлеріне қатысуын мұқият жоспарлау маңызды, сонда барлығы не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсінеді. Егер сіздің компанияңыз балалардың қатысуын қолданғысы келсе, негізгі ережелерді анықтау үшін маманды, кеңесшіні, корреспондентті, балалар баспагерін тағайындауы керек: қауіпсіз жұмыс тәжірибесі және бақылау жүйелері; бақылауды жүзеге асыратын тұлғаларды оқыту; «жас журналистер» жұмысына ресми кірісу және редакциялық бақылау бойынша нұсқаулықтар» [10].

**Қорытынды.** Бала тақырыбын зерттеушінің көбі бала образын ұсынудағы стереотиптер тақырыбын жақсы ашқан. Яғни, бала тақырыбын ұсынуда қолданылатын ең танымал стандартты образдарын ұсынып, олар туралы мысалдармен және жеке тәжірибелерімен ұштастырып жазған. Кейбір зерттеушілер өз еңбектерін жергілікті БАҚ-қа контент-анализ жасау арқылы толықтырып, танымал стереотиптердің әртүрлі өңірлерде қалай көрініс табатынына баға берген. Сонымен қатар, құқықтық нормалар тақырыбы да жиі көтеріледі. Оларды бұзу арқылы балаларға қандай зиян тиеді, қандай салдарға әкеп соғады — осының бәрі толық қамтылған. Медиадағы балалар образының этикалық астары да көп назар аударылған сұрақтар қатарында.

Зерттеушілердің біразы бала тақырыбын жазбас бұрын, этикалық медиа сауатты көтеру қажет деген пікірмен келіседі. Сонымен қатар, бала репрезентациясы проблемалары ересектер тарапынан бала мен балалық шақ образдарын қабылдауда бұрмаланған бейнелерді тудыратыны жиі жазылады. Ересектердің бұл мәселедегі орны мен балалардың өз ойлары да келтіріледі. Көп жағдайда балалар медиадағы бала репрезентациясы проблемалары оларды қоғам тарапынан қабылдауда объективтіліктен айырады деп есептейді. Бұған қоса зерттеушілер негативті сарындағы ақпараттың бала образын қабылдауда қайшылықтардың тудыратынын алға тартып, позитивті репрезентацияға ұмтылу керек деп есептейді. Кей авторлар агрессивті медиаөнімдердің балаларға әсері туралы да ой толғайды. Бұл сұрақ зерттеушілер арасында пікірталас көзіне айналып отыр.

Сонымен қатар, зерттеу еңбектерін саралай келе, елімізде және бізге жақын ТМД елдерінде бала образының медиадағы репрезентациясы өте өзекті, бірақ аз көтерілетін тақырыптардың қатарынан екенін аңғаруға болады. Зерттеу жұмыстары негізінен батыс елдерінің тәжірибесімен бөліседі. Болашақта осы сарындағы медиа зерттеулері біздің елімізде де көптеп жүргізіледі деп үміттенеміз, өйткені бала тақырыбы жіті анализді талап етеді. Егер елімізде бұл тақырып жиі көтеріліп, бала образы

репрезентациясы проблемаларына назар аударту үшін жергілікті БАҚ-қа мониторинг, контент-анализ жасалып, нәтижелері еліміздегі журналисттер үшін қолжетімді түрде ұсыну өте тиімді болар еді. Егер бұл проблеманы нақты зерттеулердің көмегімен жеткізетін болсақ және маңыздылығын айқындасақ, журналисттер де жауапкершілікті толықтай сезіне алады. Жауапкершілік толықтай сезілген уақытта позитивті репрезентациясының маңызы арта түсетін болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Choudhury, P. (2014). Impact of Media on Child // IOSR Journal of Humanities and Social Science, 19(10), 19-24
2. Anderson, C. A., Berkowitz, L., Donnerstein, E., Huesmann, L. R., Johnson, J. D., Linz, D., ... & Wartella, E. (2003). The influence of media violence on youth // Psychological science in the public interest, 4(3), 81-110.
3. Huesmann, L. R., & Taylor, L. D. (2006). The role of media violence in violent behavior // Annu. Rev. Public Health, 27, 393-415
4. Freedman, J. L. (1993). Viewing television violence does not make people more aggressive // Hofstra L. Rev., 22, 833
5. McCrum, S., & Hughes, L. (1998). Interviewing Children: a guide for journalists and others // Save the Children UK
6. Livingstone, S. (2016). Reframing media effects in terms of children's rights in the digital age // Journal of children and media, 10(1), 4-12.
7. Davian, V. L. A. D. (2017). Perspectives on media representation of children // Social Sciences and Education Research Review, 4(1), 114-124
8. McAndrew, B., Carroll, C., & O'Malley-Keighran, M. P. (2021). Representations of disabled children and young people in Irish newspapers. Disability & Society, 36(10), 1617-1642
9. Bie, B., & Tang, L. (2015). Representation of autism in leading newspapers in China: A content analysis. Health communication, 30(9), 884-893.
10. Barry, C., & Jempson, M. (2005). The Media and Children's Rights. MediaWise and UNICEF
11. Клещенко, Л.Л. Репрезентация образа детства в либеральных СМИ современной России [Текст] / Л.Л. Клещенко // Комплексные исследования детства. – 2019. - № 1(4).
12. Логунова, О.С. Репрезентация детей и детства в информационных передачах ведущих российских каналов // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Психология и педагогика. – 2014. - № (1).
13. Mustola, M., Sevón, E., & Alasuutari, M. (2019). Representation of children's views in Finnish newspaper media across three decades. Barn, 37(3-4).

*Мақала редакцияға 28.02.23 түсті.*

**К.С. Жубандыков**

*Университет Сулеймана Демиреля, г. Алматы, Казахстан*

#### ОБЗОР НА РЕПРЕЗЕНТАЦИЮ ОБРАЗА ДЕТЕЙ В МЕДИА

**Аннотация.** Негативные настроения гораздо более распространены, чем позитивные при публикации медиаинформации о детях. Поэтому необходимо уделять пристальное внимание вопросу прав детей при подготовке медиапродукции и чувствовать полную ответственность в этом вопросе. Потому что нарушение прав детей – это не только нарушение правовых норм, но и то, что они представлены в негативных образах, и репрезентация ребенка в медиа не может выбраться из

ловушки стереотипов. Ребенок – это личность. Поэтому необходимо избегать их репрезентации на страницах медиа только в поверхностных образах, таких как жертвы и молчаливые, и стремиться к улучшению их имиджа в СМИ. В статье мы рассмотрим, проанализируем и изучим международный опыт, чтобы оценить, насколько актуальна данная проблема.

**Ключевые слова:** дети, образ детей, права детей, этика, репрезентация, стереотипы

**K. S. Zhubandykov**

*Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan*

#### **REVIEW ON THE PRESENTATION OF THE IMAGE OF CHILDREN IN THE MEDIA**

**Abstract.** Negative sentiments are much more common than positive ones when publishing media information about children. Therefore, it is necessary to pay close attention to the issue of children's rights in the preparation of media products and feel full responsibility in this matter. Because the violation of children's rights is not only a violation of legal norms, but also the fact that they are presented in negative images, and the representation of the child in the media cannot get out of the trap of stereotypes. The child is a person. Therefore, it is necessary to avoid their representation on the pages of the media only in superficial images, such as victims and silent ones, and strive to improve their image in the media. In the article, we will consider, analyze and study international experience in order to assess how relevant this problem is.

**Keywords:** children, image of children, children's rights, ethics, representation, stereotypes.

#### **References**

1. Choudhury, P. (2014). Impact of Media on Child // *IOSR Journal of Humanities and Social Science*, 19(10), 19-24
2. Anderson, C. A., Berkowitz, L., Donnerstein, E., Huesmann, L. R., Johnson, J. D., Linz, D., ... & Wartella, E. (2003). The influence of media violence on youth // *Psychological science in the public interest*, 4(3), 81-110.
3. Huesmann, L. R., & Taylor, L. D. (2006). The role of media violence in violent behavior // *Annu. Rev. Public Health*, 27, 393-415
4. Freedman, J. L. (1993). Viewing television violence does not make people more aggressive // *Hofstra L. Rev.*, 22, 833
5. McCrum, S., & Hughes, L. (1998). Interviewing Children: a guide for journalists and others // *Save the Children UK*
6. Livingstone, S. (2016). Reframing media effects in terms of children's rights in the digital age // *Journal of children and media*, 10(1), 4-12.
7. Davian, V. L. A. D. (2017). Perspectives on media representation of children // *Social Sciences and Education Research Review*, 4(1), 114-124
8. McAndrew, B., Carroll, C., & O'Malley-Keighran, M. P. (2021). Representations of disabled children and young people in Irish newspapers. *Disability & Society*, 36(10), 1617-1642
9. Bie, B., & Tang, L. (2015). Representation of autism in leading newspapers in China: A content analysis. *Health communication*, 30(9), 884-893.
10. Barry, C., & Jempson, M. (2005). *The Media and Children's Rights*. MediaWise and UNICEF
11. Kleshchenko, L.L. *Reprezentaciya obraza detstva v liberal'nyh SMI sovremennoj Rossii [Representation of the image of childhood in the liberal media of modern Russia] [Text] / L.L. Kleshchenko // Comprehensive studies of childhood. – 2019. - № 1(4).*



12. Logunova, O.S. *Reprezentaciya detej i detstva v informacionnyh peredachah vedushchih rossijskih kanalov* [Representation of children and childhood in information broadcasts of leading Russian channels] // *Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Series: Psychology and Pedagogy.* – 2014. - № (1).
13. Mustola, M., Sevón, E., & Alasuutari, M. (2019). Representation of children's views in Finnish newspaper media across three decades. *Barn*, 37(3-4).